

СТУДЕНТ КОМЕДИЯСЫНА ОҚЫТУШЫНЫҢ БАҒАСЫ

2021 жылғы 10 қараша, сағат 14:00 де М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Мәдениет және спорт факультетінің салтанат залында «Театр және эстрадалық шығармашылық» кафедрасы бітірушілерінің дипломдық шығармашылық жұмысы, «Күйеуім болыңызшы» комедиясы қойылды. Факультет деканы, п.ғ.д., доцент М.Ж.Танирбергенов және «Театр және эстрадалық шығармашылық» кафедрасының меңгерушісі Қ.Ә.Жолдасбековалар жылы лебіздерін білдіріп, пандемия үзілісінен бері сахнаға шықпаған сонымен қатар дебютін өнді бастағалы тұрған білім алушылардың кемшіліктеріне шыдамдылық танытып қолдау көрсетуді сұрады.

Қойылымда классикалық тақырыптардың бірі-әйел адамның тұрмыс құруға психологиялық дайындығы, ер-азаматты бағалауы, күйеу таңдауы мәселесі деген өзекті тақырып көтерілген. 1-4 курс білім алушылары мен студенттерінен іріктелген актерлер ойынында 6 түрлі жігіттің образы (бай жігіт, спортсмен, артист, шетелдік жігіт, алкоголик жігіт немесе спортсмен, өз жұмысына берілген Санитарлы-эпидемиологиялық орталық қызметкері, яғни отырған қыздың өмір бойы күткен адамы) өз деңгейінде ашылған сияқты.

Басты кейіпкер 30 жастағы Дананың мәселесін шешуді қолға алған жан құрбылар инстаграм әлеуметтік желісінде кастингкездесу өтетінін хабарлайды. Есік қағылып бөлмеге жарқын образдар бірінен-соң бірі келіп іске кіріскенде, яғни танысуды бастағанда түрлі қызық характерлер ашылып Дананың адам тану индикаторы белсенді жұмыс жасап, ұнамсыз жігіттер «жоқ» деген жауаптар естіп, қуылып шығып жатты. Отырған қызбен қосылып көрермендер де көңіл-күйлерін көрсетіп белсенділік танытып отырды. СЭО маманына кезек келгенде Дана өз жүрегінің жартысын тапқанын түсініп қуанғанынан есікті тарс жауып байғұс жігітті құрбыларымен бірге бас салып қуалап, ұстап алып, сөз салып «Күйеуім болыңызшы?» дегенде, тарақтанушының «Амал жоқ қой, иә» дегенін естігенде залдағылар жарқын эмоцияларына ие бола алмады.

Бүгінгі мәдени оқиғаны қорытындылай келе қымбат декорация, музыкалы, түрлі-түсті эффект беретін техникалардың көмегіне жүгіне бермей-ақ көрерменді баурап алу миссиясын сәтті орындауға, ду қол шапалақ соқтыруға болатынын іспен дәлелдеген режиссер Ерлан Ақылбековтің еңбекқорлығы, ізденімпаздылығы ешқашан тоқтамасын және денсаулығына байланысты демалыс мүлдем кездеспесін деп тілейміз. Алдағы айларда алуан түрлі жанрлар көрсетілуін іштей тілеп жүретінімізді де жасырмаймыз!

**Х.Ж.Смағұл,
М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Мәдениет және спорт факультетінің
оқытушысы**